

*Факультеті: Жалпы медицина*

# ***Студенттің өзіндік жұмысы***

**Организмнің бейарнамалы қорғаныш факторлары, сыртқы және ішкі тосқауылдар. Фагацитоз организмнің микробтарға қарсы гуморальді бейарнамалы қорғаныш факторлары. Цитокиндер және интерферондар.**

*Орындаған: Қайрақбаева Н.*

*Тобы: 206 "А"*

*Тексерген: Атжаксынова Б. С.*

*Ақтөбе - 2016 жыл*

# Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1. Организмнің бейарнамалы қорғаныш факторлары, сыртқы және ішкі тосқауылдар.

2. Фагацитоз организмнің микробтарға қарсы гуморальді бейарнамалы қорғаныш факторлары.

3. Цитокиндер және интерферондар.

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер


# I.Кіріспе

Адам организмінде бейарнамалы қорғану факторлары да бар. Вирусқа қарсы арнамалы иммунитет пен табиғи сақтану механизмдері өзара өте тығыз байланыста болады және бір бірінің қызметін ұлғайтады. Тек осындай жағдайда ғана олар ең негізгі мақсаттарын – организмде вирустардың сезімтал клеткаларда көбеюіне кедергі жасап, вирустарды жояды. Вирустық инфекцияларға қарсы қорғану механизмдері белгілі бір заңдылыққа бағынады да, ол механизмдер организмде болатын өзгерістерді ұлғайтпай, вирустардың биологиялық қасиеттерін құртып, организмнің ішкі ортасының тепе - теңдігін сақтауға арналады.

# Соған орай вирусқа қарсы тұрудың екі түрін атап өту қажет:

1. Вирусқа деген табиғи және туа біткен түрге немесе нәсілдік қасиетке сәйкес төзімділік. Ол жағдай туа біткен қасиетке немесе өсе келе организмнің белгілі бір ауруға қарсы тұрарлық қасиетіне сәйкес.
2. Жүре біркен төзімділік – организм ауырып жазылғаннан соң немесе қолдан егудің арқасында пайда болады. Егу үшін тірі немесе өлтірілген вакциналар қолданылады.

# Вирустық инфекциялардан қорғану механизмдері:



## I. Иммунитеттің арнамалы факторлары:

1. Гумарольдық  
факторлары
2. Клетка  
факторлары





## II. Организмнің Бейарнамалы қорғане факторлары:

1. Гумарольдық  
факторлары
2. Клетка  
факторлары



## III. Вирусқа қарсы табиғи төзімділік.

Адам организмінде көптеген зиян әсер етуші микроорганизмдерге, паразиттер мен вирустарға қарсы әсер ететін АНТИДЕНЕ болады. Ол зиян әсерге қарсы қызмет етіп, ағзаның қорғаныш және тазалық функциясын атқарады



Клеткалық және гуморальді жауап түзетін, клетка аралық механизмдер мен иммунды компонентті клеткалардың дифференцировкасын зерттеген кезде, белокты медиаторларының үлкен тобы ашылды, олар цитокиндер деп аталады. Олардың 30-дан астам түрлері белгілі

Цитокиндердің негізгі биологиялық белсенділігі- иммунды жауапты барлық даму сатыларында реттеу: функциональді белсенді иммунокомпонентті клеткалардың пролиферациясы мен дифференцировкасы, антигенді өңдеу және макрофагтардың бетінде иммуногенді түрде ұсыну, антиген сезімтал лимфоциттердің пролиферациясы, иммуноглобулиндер продуценттеріне дейін В-клеткалардың дифференцировкасы, бір изотоптан басқасына иммуноглобулиндер синтезін ауыстыру, цитотоксикалық Т-клеткалардың ізашаларының эффекторларға дейін пісіп жетілуін қамтамасыз ету, макрофагтардың цитотоксикалық әсерін индукциялау. Кейбір цитокиндер қабыну реакциясына және ісік клеткаларының элиминациясында айқындала түсетін жедел фазалы жауапқа белсенді түрде қатысады.

Құрылыс ерекшеліктері мен биологиялық әсеріне қарай барлық цитокиндер бірнеше өзіндік топтарға бөлінеді: гемопоэтиндер, интерферондар, иммуноглобулиндердің супер топтық цитокиндері, ФНО- тобы цитокиндері, хемокиндер.



## Цитокиндер өзара 5 топқа бөлінеді.

1-ші топ – Гемопоэтикалық цитокиндер

гранулоцитарлы моноцитарлы клеткалардың ізашарларын стимулдейді.

моноциттердің ізашарларын стимулдейді.

гранулоциттердің ізашарларын стимулдейді.

2-ші топ – Иммундыққа дейінгі қабынудың цитокиндері:

біріншілік про-қабыну цитокиндер – ИЛ-1, ТНФ- $\alpha$ , ИЛ-6.

Макрофагтармен және дендритті клеткалармен бөлінеді.

ИЛ-1-ші мен ТНФ- $\alpha$  жергілікті әсер етеді, ал ИЛ-6 жетілік фаза белоктардың синтезін бауырда стимулдейді.

## III. Қорытынды

Иммунитет – вирустар мен бактерияларға немесе басқа да өзге туысты агенттерге қарсы төтеп беретін қабілеті бар организмнің жүйесі. Иммунитеттің екі типі бар: спецификалық және спецификалық емес. Спецификалық түрі аурудан кейін белгілі бір микроорганизм түріне тұрақтылық түрінде қалыптасады. Спецификалық емес иммунитет – кез – келген зиянды агент түрінен қорғай алатын универсальді жүйе. Иммунитеттің екі типі де бірдей маңыздылыққа ие. Иммунитеттің жағдайы өмірдің әр периодында әр түрлі. Күйзелістер, шаршау, дұрыс тамақтанбау, жиіленген салқын тию аурулары – организмнің қорғаныштық күшін азайтады. Мамандар осы жағдайда иммуномодуляторларды тағайындайды, кейбіреулері нақты ауруды емдеуге бағытталса, ал кейбіреулері аурудың алдын алады.